# Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 5 шілдедегі N 452-IV Заңы

**1-бап**. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160 -құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22 -құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 153-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:

елу бесінші абзацта:

«163-6,» деген цифрлар алып тасталсын;

«346-352» деген цифрлар «346, 347, 348, 350, 351, 352» деген цифрлармен ауыстырылсын;

елу тоғызыншы абзацтағы «органның (147-бап) уәкілетті лауазымды адамдарының құқығы бар.» деген сөздер «органның (147-бап);» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алпысыншы абзацпен толықтырылсын:

«облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының (163-6, 349-баптар) уәкілеттік берілген лауазымды адамдарының құқығы бар.».

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар):

1) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2) 16-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

3) 17-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

4) 18-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.».

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 4-баптың 57-1) тармақшасы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-баптың 2-тармағындағы «өзге де заңдарында» деген сөздер «салық заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 8-баптың 6-тармағындағы «жер және азаматтық заңдарымен» деген сөздер «Жер және Азаматтық кодекстерімен» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«11-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам және мемлекеттік органдар жүйесі

Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамға және мемлекеттік органдар жүйесіне Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және оның аумақтық органдары, сондай-ақ Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары жатады.»;

5) 12-бап мынадай мазмұндағы 16), 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:
«16) мемлекеттік орман қоры аумағында шайырды, ағаш шырынын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау, орманды жанама пайдалану қағидаларын бекітеді;
17) ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде орман пайдаланушылар әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқындайды;
18) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

6) 13-баптың 1-тармағында:
6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) есепті кеспеағашты және кесу жасын бекітеді;»;
9) тармақша алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:
«19) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
7) 14-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:
«4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
8) 15-бап мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:
«16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
9) 26-баптың 6-1) тармақшасындағы, 36-баптың 9-тармағындағы, 41-баптың 3) тармақшасындағы, 67-баптың 3-тармағындағы, 73-баптың 3-тармағындағы, 79-баптың 2-тармағындағы, 80-баптың 5-тармағындағы, 96-баптың 3-тармағындағы, 98-баптағы, 99-баптың 4-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;
10) 38-бапта:
4) тармақшадағы «заңдарында» деген сөз «экологиялық заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;
7) тармақшадағы «уәкілетті орган әзірлеген және Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;
15) тармақшадағы «заңдарында» деген сөз «салық заңнамасында» деген сөздермен ауыстырылсын;
20) тармақшадағы «заңдарында белгіленген» деген сөздер «Үкіметі белгілеген» деген сөздермен ауыстырылсын;
11) 63-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Ормандарды өрттен қорғау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен, ормандағы өрт қауіпсіздігі қағидаларымен регламенттеледі.»;
12) 77-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті орган белгіленген тәртіппен оның маманданған» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті органның мамандандырылған» деген сөздермен ауыстырылсын;
13) 113-баптың 1-тармағының 19) тармақшасындағы «заңдарында белгіленген» деген сөздер «Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;
14) мазмұнындағы 11-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«11-бап. Орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен

орман өсіру саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адамдар және мемлекеттік органдар жүйесі».

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 33-баптың 1-тармағында:

«басқаруды» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

«Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздер «Конституцияда, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 36-бап мынадай мазмұндағы 16), 17), 18), 19), 20) және 21) тармақшалармен толықтырылсын:

«16) су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстары қауіпсіздігінің критерийлерін бекітеді;

17) елді мекендерді сумен жабдықтау және оларға су бұру жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын бекітеді;

18) ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекітеді;

19) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын бекітеді;

20) судың бастапқы есебінің қағидаларын бекітеді;

21) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 37-баптың 1-тармағында:

3-1), 5) және 25) тармақшалардағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-4) тармақша алып тасталсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) су объектілерін және ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 13-1) және 29) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) тікелей су объектілерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану қағидаларын әзірлейді;»;

«29) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 38-бапта:

1) тармақшадағы «уәкілетті орган бекіткен» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 39-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 53-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы өндірістік бақылау суды бастапқы есепке алу қағидалары негізінде жүзеге асырылады.».

5. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

«37-1) өндіріс және тұтыну қалдықтары (қалдықтар) – шикізаттың, материалдардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің өндіріс немесе тұтыну процесінде пайда болған қалдықтары, сондай-ақ өзінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер); »;

38) тармақша алып тасталсын;

39) тармақша «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 17-бапта:

37) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 39) тармақшамен толықтырылсын:

«39) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;»;

4) 19-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 20-бап мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

6. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж ., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 15-бап мынадай мазмұндағы 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25) және 26) тармақшалармен толықтырылсын:

«18) еңбек кітапшаларының нысанын, оларды жүргізу және сақтау тәртібін бекітеді;

19) қызметтің барлық салалары үшін еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптарды айқындайды;

20) жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру тәртібі мен нормаларын бекітеді, сондай-ақ қызметкерлерді ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді;

21) он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормаларын бекітеді;

22) әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекітеді;

23) ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі туралы үлгілік ережені бекітеді;

24) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау тәртібін айқындайды;

25) қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқама беру және білімдерін тексеру тәртібі мен мерзімін айқындайды;

26) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 16-бапта:

2), 6), 19), 20), 23) және 24) тармақшалар алып тасталсын;

15) тармақшадағы «әзірлеп, бекітеді» деген сөз алып тасталып, «белгілейді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 26) тармақшамен толықтырылсын:

«26) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 17-баптың 5) тармақшасындағы «еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес» деген сөздер алып тасталсын;

4) 18-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 35-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

6) 159-баптың 2-тармағындағы «заңнамасында белгіленген» деген сөздер «Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 179 және 186-баптардың 3-тармақтары алып тасталсын;

8) 205-баптағы «еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдар» деген сөздер « Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 313-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

10) 317-баптың 1-тармағында:

5) тармақшадағы «еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес» деген сөздер алып тасталсын;

6) және 10) тармақшалардағы «еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 319-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«319-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, технологиялық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен критерийлерді белгілейді.»;

12) 320-баптың 3-тармағындағы «еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;

13) 330-баптың 11) тармақшасындағы «еңбек жөніндегі уәкілетті орган белгілеген талаптарда көзделген» деген сөздер алып тасталсын;

14) 339-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

7. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат):

1) 116-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу тәртібін, мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу тәртібін, мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.»;

2) 117-баптың 2-тармағында:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) қаржы қызметінің нәтижелері туралы есепті;

2-2) таза активтердің/капиталдың өзгерістері туралы есепті;»;

3) тармақшадағы «есептерді» деген сөз «есепті» деген сөзбен ауыстырылсын.

8. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат ; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 14-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы, 23-баптың 2-тармағындағы, 3-тармағының 5) тармақшасындағы, 56-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі, 63-баптың 2-тармағындағы, 64-баптың 3-тармағындағы, 65-баптың 1 және 4-тармақтарындағы, 67-баптың 1-тармағындағы, 68-баптың 2-тармағындағы, 75-баптың 2 -тармағындағы, 77-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі, 2-тармағының 2) тармақшасындағы және 4-тармағының бірінші абзацындағы, 216-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі, 218-баптың 3-тармағындағы, 4-тармағының бірінші бөлігіндегі, 270 -баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі және 3-тармағындағы, 276-13-баптың 6-тармағындағы, 276-15-баптың 3-тармағының бірінші, үшінші және бесінші бөліктеріндегі, 276-18-баптың 4-тармағының бесінші бөлігіндегі, 276-20-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы, 3-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігіндегі, 5-тармағының екінші бөлігіндегі және 7-тармағының бірінші бөлігіндегі, 276-22-баптың

8-тармағындағы, 282-баптың 3-тармағының бесінші бөлігіндегі, 292-баптың 5-тармағындағы, 431-баптың 1-тармағының төртінші бөлігіндегі және 2-тармағының бірінші бөлігіндегі, 507-баптың 6-тармағындағы, 511-баптың 4-тармағындағы, 547-баптың 4-тармағындағы, 554-баптың 4-тармағының 1) тармақшасының бірінші бөлігіндегі және 2) тармақшасындағы, 569-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі, 570-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі, 571-баптың 4-тармағының бірінші абзацындағы, 574-баптың 6-тармағының төртінші бөлігіндегі, 576-баптың 4-тармағындағы, 581-баптың 5) тармақшасындағы, 584-баптың 5-тармағының 1) тармақшасындағы, 646-баптың 9-тармағындағы, 650-баптың 5-тармағының үшінші бөлігіндегі, 653-баптың 1-1-тармағындағы, 6-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларындағы, 655-баптың 1-тармағындағы, 656-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің бірінші абзацындағы және 7-тармағының екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган», «Уәкілетті орган», «уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 118-баптың 9-тармағындағы, 119-баптың 12 және 13-тармақтарының 2) тармақшаларындағы, 397-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган», «бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 150-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті өнеркәсіп саласын басқару мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 565-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жоғалтқан жағдайда оның өтініші бойынша үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуді куәландыратын осы құжаттың телнұсқасы беріледі.»;

5) 651-баптың 3-тармағы үшінші бөлігінің екінші сөйлеміндегі «уәкілетті органмен келісім бойынша ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат):

1) 1-баптың 1-тармағының 20), 21) және 23) тармақшаларындағы «денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік реттеуді:
1) Қазақстан Республикасының Президенті;
2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
3) уәкілетті орган;
4) осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.»;
3) 6-бапта:
2) тармақша «актілерді» деген сөзден кейін «, санитариялық қағидаларды, гигиеналық нормативтерді» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 27-2) тармақшамен толықтырылсын:
«27-2) медициналық көмек көрсету тәртібін бекітеді;»;
28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«28) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;
4) 7-баптың 1-тармағында:
4) тармақша алып тасталсын;
5) тармақшадағы «, гигиеналық нормативтерді, нормативтік құжаттарды» деген сөздер алып тасталсын;
71) тармақшадағы «бекіту жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 72) тармақшамен толықтырылсын:
«72) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.»;
5) 9-бапта:
1-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
2-тармақ мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:
«19) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 14-баптың 4-тармағындағы, 21-баптың 7-тармағының 20) тармақшасындағы, 40-баптың 2-тармағындағы, 42-баптың 3-тармағындағы, 43-баптың 2-тармағындағы, 45-баптың 4-тармағындағы, 46-баптың 2-тармағындағы, 47-баптың 3-тармағындағы, 48-баптың 2-тармағындағы, 49-баптың 3-тармағындағы, 50-баптың 2-тармағындағы, 52-баптың 4-тармағындағы, 53-баптың 3-тармағындағы, 55-баптың 2-тармағындағы, 56-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі және 3-тармағындағы, 58-баптың 5-тармағындағы, 59-баптың 2-тармағындағы, 67-баптың 3-тармағындағы, 68-баптағы, 69-баптың 3-тармағындағы және 5-тармағының екінші бөлігіндегі, 75-баптың 1 және 2-тармақтарындағы, 78-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі, 79-баптағы, 84-баптың 2-тармағындағы, 115-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы, 155-баптың 4 және 10-тармақтарындағы, 156-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер « Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 80 және 81-баптардың 1-тармақтарындағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 88-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы «уәкілетті орган және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 144-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді қоспағанда, санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлеу мен бекітудің тәртібін уәкілетті орган бекітеді.»;

10) 159-бапта:

2-тармақтың 8) тармақшасындағы «уәкілетті орган белгілейді» деген сөздер « Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген талаптарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақта:

бірінші абзацтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының

Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;
3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3) сурет (пиктограмма, графика) және жазулар түрінде орындалуға тиіс.».

10. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат):

1) мазмұны мынадай мазмұндағы алпыс сегізінші абзацпен толықтырылсын:
«60-1-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы»;

2) 60-баптағы «Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында» деген сөздер «(немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 60-1-баппен толықтырылсын:
«60-1-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы

Кеден органдарының арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының халықаралық шартында және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен белгіленеді.»;

4) 234-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі алып тасталсын;

5) 306-баптың 2-тармағы «шарттарында» деген сөзден кейін «және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 352-баптың 10-тармағы алып тасталсын.

11. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 4, 84-құжат; 1995 ж., № 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат):

1) 6-1-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:
«12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 6-2-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

12. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-

құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:
«Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 8-бап мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:
«өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 9-бап мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:
«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 11-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:
«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

13. «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 15, 363-құжат; 1995 ж., № 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-бап. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы лауазымды адамдар және мемлекеттік басқару органдарының жүйесі

Қазақстан Республикасындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау, сақтау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды:
1) Қазақстан Республикасының Президенті;
2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
3) уәкілетті орган;
4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.»;

2) 17-бапта:
1) тармақшадағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғау аймақтарын, құрылыс салуды реттеу аймақтарын және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарын айқындаудың тәртібін және пайдалану режимін бекітеді;

10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 18-бапта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 19-бапта:

13) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

14. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 1, 1-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 24, 180-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат):

1) 23-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 24-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттіктері» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде

көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«2-1. Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыруды және оларға жеке куәлік пен паспорт беруді жүзеге асыратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасы азаматтарының ұрлатқан, жоғалтқан жеке куәліктері мен паспорттары бойынша деректер қорын қалыптастырады және олар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлайды, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.»;
3-тармақ мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:
«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1. Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасы көлік кешенінің қызметін үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі бақылаушы органдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде жәрдемдеседі, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды орындайды.»;
4-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
«3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».
15. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 23-24, 507-құжат; 1995 ж., № 23, 146-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 18, 111-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 8, 44-құжат):
1) 9-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;
2) 10-бапта:
тақырыбындағы «өкілеттіктері» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 11-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 12-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 13-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті өкілді және атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

16. «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» 1994 жылғы 3 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 20, 248-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 209-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат):

16-баптың бірінші бөлігіндегі «үйлерді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары тағайындайтын қабылдау комиссиясы пайдалануға қабылдайды» деген сөздер «үйлер «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес пайдалануға қабылданады» деген сөздермен ауыстырылсын.

17. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 8-бапта:

тақырыбындағы «функциясы, өкілеттігі және құқықтары» деген сөздер «функциялары мен өкілеттіктері» деген сөздермен ауыстырылсын;

ф) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«ф) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан

Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 56-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Ұлттық Банкі осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес валюталық реттеу мен валюталық бақылау саласындағы өзге де функцияларды орындауға құқылы.»;

3) 62-бапта:

тақырыбындағы «негізгі» деген сөз алып тасталсын;

екінші бөліктің 4) тармақшасындағы «алуға өкілетті.» деген сөздер «алуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген функцияларды жүзеге асыруға өкілетті.».

18. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 35-құжат; № 15 -16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 1, 180-құжат; № 14, 274-құжат; 1997 ж., № 12, 183-құжат; 1998 ж., № 5-6, 50 -құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 63, 64-құжаттар; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 1-құжат; № 8, 52-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 18 , 157-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 129-құжаттар; 2009 ж., № 24, 122, 125-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат):

5-бап мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

19. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., №

5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат):

1) 4-баптың төртінші бөлігінде:

«үлгілік ұйымдық құрылымы мен штат санын» деген сөздер «штат саны лимитін» деген сөздермен ауыстырылсын;

«үкіметі» деген сөз «Үкіметі» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 4-5-баппен толықтырылсын:

«4-5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету тәртібін белгілейді;

2) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтап қою, сақтау және алып жүру, есепке алу, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін белгілейді;

3) азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету тәртібін белгілейді;

4) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалану тәртібін белгілейді;

5) атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін, штемпель-граверлік кәсіпорындарды ашу және олардың жұмыс істеу тәртібін белгілейді;

6) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру тәртібін белгілейді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 5-1-бапта:

1-тармақтың 40) тармақшасындағы, 2-тармақтың 26) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының заңдарында» деген сөздер «осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында» деген сөздермен, «өкілеттіктерді» деген сөз «функцияларды» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 33-5) тармақшамен толықтырылсын:

«33-5) жарылғыш материалдарды сатып алу, сақтау, есепке алу, тасымалдау, әкелу және әкету;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу, сақтап қою, сақтау және алып жүру, есепке алу, тасымалдау, әкелу, әкету;

азаматтық пиротехникалық заттарды және оларды пайдалану арқылы жасалған бұйымдарды сақтау, есепке алу, пайдалану, тасымалдау, жою, әкелу, әкету;

есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласында объектілерді және үй-жайларды пайдалану;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін, штемпель-граверлік кәсіпорындарды ашу және олардың жұмыс істеуі;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкестігіне қорытындылар беру қағидаларын әзірлеуге;».

20. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар):

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұлттық қауіпсіздік органдарына осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзге де міндеттер жүктелуі мүмкін.»;

2) 12-баптың 22) тармақшасындағы «ұсынуға міндетті.» деген сөздер «ұсынуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыруға міндетті.»;

3) 13-бап мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

«23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру .».

21. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат):

5-3-баптың 1-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

22. «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 11-12, 263-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 4, 101-құжат; 2000 ж., № 6, 145-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; 2004 ж., № 11-12, 67-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 11-бап мынадай мазмұндағы жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 12-бап мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 13-бапта:

екінші бөлік мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;»;

үшінші бөлік мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

23. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 273-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2008 ж., № 13-14, 54-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 2, 25-құжат):

1) 6-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы «қарауына» деген сөз «құзыретіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларын бекіту;

өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау;»;

2) 7-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттіктері» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші абзацтағы «өкілеттіктеріне» деген сөз «құзыретіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы «тәртібін белгілеу» деген сөздер «қағидаларын әзірлеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

3) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.».

24. «Өрт қауіпсіздігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 18, 368-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 20, 728-құжат; № 23, 931-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 14, 112-құжат; № 24, 177-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 13, 67-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 1-баптың 13) тармақшасы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы он сегізінші абзацпен толықтырылсын:

«өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;»;

жиырмасыншы абзацтағы «өкілеттіктерді» деген сөз «функцияларды» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 6-бапта:

2) тармақшадағы «бекітеді және келіседі» деген сөздер «әзірлейді» деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14) тармақша алып тасталсын;

4) 7-баптың тақырыбындағы «өкілеттіктері» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 9-5-баптың 4-тармағының бірінші абзацы, 3) және 4) тармақшалары «Қазақстан Республикасының заңдары», «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін тиісінше «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары», «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын.

25. «Банкроттық туралы» 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 1-2, 7-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 14, 198-құжат; № 17-18, 225-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 4, 26-құжат; № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 57-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14, 18-құжаттар; № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 9-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 10-1-бап мынадай мазмұндағы 6) және 7) тармақшалармен толықтырылсын:

«6) кредиторлар талаптарының тізілімін қалыптастыру тәртібін белгілейді;

7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 10-2-бапта:

24-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

«31) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

26. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат ; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84 -құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 10-1-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 10-2-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 10-3-бапта:

тақырыбындағы «(республикалық маңызы бар қаланың, астананың)» деген сөздер «, республикалық маңызы бар қаланың, астананың» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілді органдары:

1) тұрғын үй-коммуналдық саланы дамыту бағдарламаларын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

27. «Азаматтық қорғаныс туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 9, 93-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 1999 ж., № 4, 101-құжат; 2000 ж., № 6, 142-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 18-бап мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 19-бап мынадай мазмұндағы он тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 20-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 21-бап мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан

Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 22-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

28. «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 11, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 104-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; 2010 ж., № 17-18, 108-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 7-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

25) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «өзіне Қазақстан Республикасының» деген сөздермен, «көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады » деген сөздер «жүктелген өзге де функцияларды орындайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-1-баптың 10) тармақшасы және 8-баптың 9) тармақшасы «және» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасы» деген сөздермен толықтырылсын.

29. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1997 ж., № 12, 186-құжат; 1998 ж., № 24, 437-құжат; 1999 ж., № 8, 237-құжат; № 23, 925-құжат; 2001 ж., № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 11, 39-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 69-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 28, 30-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114, 123-құжаттар; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 140-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 6, 49-құжат):

24-баптың 1-тармағындағы «табыс етудің тәртібін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен келісім бойынша салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган» деген сөздер «жасаудың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

30. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 202-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 25-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:
«8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 25-2-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 25-3-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:
«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

31. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат ; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат):

32-бап мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:
«17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

32. «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 341-құжат; 2001 ж., № 8, 50-құжат; № 21-22, 285-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж ., № 6, 76-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 3, 23-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 23, 117-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат):

29-3-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:
«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды;»;

2) тармақшаның бесінші абзацындағы «жасауды қамтамасыз етеді.» деген сөздер «жасауды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.».

33. «Энергия үнемдеу туралы» 1997 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 343-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62 -құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

«жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

34. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 2-3, 25-құжат; 2001 ж., № 20, 258-құжат; 2002 ж., № 5, 50-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; № 13, 74-құжат; 2005 ж., № 17-18, 73-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 86-құжат; № 13, 100-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 13-14, 55-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 22, 94-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 7, 54-құжат):

15-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын.

35. «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» 1998 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 48-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 5-бапта:

1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) иондаушы сәулелендіру әсеріне байланысты аурулардың тізбесін және себептік байланысын анықтау тәртібін айқындайды;

2) радиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

3) атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

1-2-тармақ алып тасталсын;

2-тармақта:

бесінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 6-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «өкілеттігіне» деген сөз «құзыретіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «өкілеттігіне» деген сөз «құзыретіне» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.».

36. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 214-құжат; 1999 ж., № 19, 646-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 23, 138, 142-құжаттар; 2006 ж., № 2, 17-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 87-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 13-14, 62-құжат ; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 20, 23-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 7-баптың 3) және 7-3) тармақшаларындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14-баптың 1-тармағының 21) тармақшасындағы «беруге құқылы.» деген сөздер « беруге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.»;

3) 14-1-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «хабардар етуге міндетті.» деген сөздер «хабардар етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.»;

4) 18-4-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөліктегі «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «талап» деген сөз «тәртіп» деген сөзбен ауыстырылсын;

5-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

37. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 10-бапта:

бірінші абзацтағы «функцияларды» деген сөз «өкілеттіктерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

«20) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 10-1-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

38. «Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы» 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 17-18, 221-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2002 ж., № 10, 106-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 5-6, 30-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

5-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымын мемлекеттік реттеу және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті мемлекеттік орган тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша әзірлеген есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласына қатысушы заңды тұлғалар қызметінің тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді.»;

3-тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

39. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

«4) кәсіби және аудиторлық ұйымдардың есептілік тізбесін, нысандарын және оны табыс ету мерзімділігін бекітеді;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 7-бапта:

13) тармақшадағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

«19) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 21-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы «уәкілетті орган» деген сөздер « Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

40. «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 435-құжат; 2001 ж., № 21-22, 286-құжат; 2003 ж., № 10, 53-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 8, 55-құжат; 2009 ж., № 11-12, 53-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 11-баптың 6-тармағы және 14-баптың 1-тармағы алып тасталсын;

2) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Мұрағат ісін мемлекеттік реттеу

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асыратын мұрағат ісін мемлекеттік реттеу мәселелеріне:

1) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын, басқа да мұрағат құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың толықтыруы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидаларын бекіту;

2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын бекіту;

3) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін олардың сақталу мерзімдерін көрсете отырып бекіту;

4) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын және басқа да мұрағат құжаттарын ведомстволық және жеке мұрағаттардың қабылдауы, сақтауы, есепке алуы мен пайдалануы қағидаларын бекіту;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

2. Уәкілетті орган жүзеге асыратын мұрағат ісін мемлекеттік реттеу мәселелеріне:

1) мұрағат ісі мен құжат жасауда бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын бекіту;

3) Орталық сараптау-тексеру комиссиясы және орталық мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік мұрағаттардың сараптау-тексеру комиссиялары туралы ережелерді бекіту;

4) Қазақстан Республикасында мұрағат ісін дамыту және құжаттама жүргізу бағдарламаларының жобаларын әзірлеу және оларды іске асыру;

5) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы

тексеру жоспарларын әзірлеу және бекіту;
6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын мұрағат анықтамаларына және мұрағат құжаттарының көшірмелеріне апостиль қою;
7) Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша ақпараттық желі және деректер қорын құру;
8) мемлекеттік мұрағаттардың қызметі үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
9) автоматтандырылған мұрағаттық технологиялар әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру;
10) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын басып шығаруды ұйымдастыру, сондай-ақ құжаттарды мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалану;
11) Ұлттық мұрағат қорын және Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын қалыптастыру мен олардың жұмыс істеуі, Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;
12) республикалық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау және пайдалану;
13) Қазақстан Республикасының тарихы жөніндегі шет елдердегі мұрағат құжаттарын жинау мен оларды елге қайтару;
14) мұрағаттану, құжаттану және қосымша тарихи пәндер саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметті дамыту, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін пайдалану;
15) мұрағат ісін басқару және жүргізу органдарының қызметіне әдістемелік басшылық жасау және оны үйлестіру;
16) іс жүргізу мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және іс жүргізудің жай-күйі мен құжаттардың сақталуын бақылау;
17) осы Заңның, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтау тұрғысынан мұрағат ісі саласындағы бақылау;
18) мұрағат ісі жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының өкілдігін қамтамасыз ету;
19) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.
3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асыратын қатынастарды мемлекеттік реттеу және мұрағат ісін басқару мәселелеріне:
1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында мұрағат ісінде және құжат жасауда бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру;
2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мемлекеттік мұрағаттарының сақтауына қабылданған Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын

сақтауды, толықтыруды және пайдалануды ұйымдастыру;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мемлекеттік мұрағаттарында сақталатын Ұлттық мұрағат қоры құжаттарын мемлекеттік есепке алуды жүргізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

4) коммуналдық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерді қорғау, оларды сақтау мен пайдалану;

5) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында мұрағат ісін дамыту және құжаттама жүргізудің өңірлік мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру;

6) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

7) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мемлекеттік мұрағаттарында сақталатын Ұлттық мұрағат қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыру;

8) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында орналасқан, Ұлттық мұрағат қорын толықтыру көздері болып табылатын ұйымдарда іс жүргізудің жай-күйіне, құжаттардың сақталуына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасау және бақылау жасау;

9) жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын орындауды ұйымдастыру;

10) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекіту;

11) Ұлттық мұрағат қорының құжаттарын мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін пайдалану;

12) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың тарихы бойынша мұрағат құжаттарын жинау және қайтару;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

41. «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 24, 448-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 19, 150-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 14-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі, 15-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі, 16-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы «қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган белгілейді», «қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті орган», «қару айналымына бақылау жасау саласындағы уәкілетті

орган белгілеген» деген сөздер тиісінше «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды», «Қазақстан Республикасының Үкіметі», «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 28-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 29-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

42. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 2-3, 34-құжат; № 23, 931-құжат; 2002 ж., № 4, 30-құжат; 2003 ж., № 15, 121-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 6, 49-құжат):

1) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) карантинге жатқызылған өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) (бұдан әрі - карантинге жатқызылған өнім) - карантинді объектілерді (карантинді зиянды организмдерді) тасығыштар болуы және (немесе) олардың таралуына әсер етуі мүмкін, карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енгізілген және оларға қатысты карантиндік шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесі - өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын карантинге жатқызылған өнімнің тізбесі;»;

2) 6-1-бап мынадай мазмұндағы 8), 9), 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) карантинді объектілермен залалданған, залалсыздандыруға немесе қайта өңдеуге келмейтін карантинге жатқызылған өнімді алып қою және жою жөніндегі қағидаларды бекітеді;

9) әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық

талаптарды бекітеді;

10) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін бекітеді;

11) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 7-баптың 1-тармағында:

6) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) және 6-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) әкелінетін карантинге жатқызылған өнімге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлейді;

6-2) карантинге жатқызылған өнімнің тізбесін әзірлейді;»;

7) тармақшадағы «бекітеді» деген сөздің алдынан «әзірлейді және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 31) тармақшамен толықтырылсын:

«31) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 8-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік бақылау объектілеріне баруға және оларда Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының сақталуы тұрғысынан зерттеп-карауды жүргізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;»;

5) 9-1-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

43. «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 102-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 6, 41-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 128 -құжаттар; 2010 ж. № 3-4, 11-құжат; № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

1) 5-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 7-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 8-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 9-бапта:

тақырыбындағы «өкілеттігі» деген сөз «құзыреті» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

44. «Демпингке қарсы шаралар туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 654-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат; № 3, 22-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат):

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган өзіне осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде берілетін өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл жасайды.».

45. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 649-құжат; 2002 ж., № 4, 32-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 15-16, 71-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат):

7-бапта:

1 және 3-тармақтар «қатысады», «қамтамасыз етеді» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады» деген сөздермен толықтырылсын;

2, 4 және 5-тармақтар «қатысады», «жүзеге асырады» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» деген сөздермен толықтырылсын.

46. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат):

3-1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

47. «Қазақстан Республикасының патент заңы» туралы 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 718-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 15-16, 75-құжат):
4-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

48. «Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 720-құжат; 2004 ж., № 5, 27-құжат; № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат):
1) 1-баптың 22) тармақшасындағы «уәкілетті орган белгілеген тәртіппен» деген сөздер алып тасталсын;
2) мынадай мазмұндағы 3-1-баппен толықтырылсын:
«3-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
Қазақстан Республикасының Үкіметі:
1) этил спиртін өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалдарынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібін бекітеді;
2) этил спиртін және алкоголь өнімін өндірудің паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін бекітеді;
3) этил спиртін және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін бекітеді;
4) этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын бекітеді;
5) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын бекітеді;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 4-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) өзге де мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының арасынан консультанттар мен сарапшыларды тартады;

2) дәм айыру комиссиясы туралы ережені, дәм айыру қағидаларын бекітеді;

3) осы Заңның 5-бабына сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады;

4) этил спиртін өндірудің технологиялық желілерін спирт өлшейтін аппараттармен, алкоголь өнімін (шарап материалдарынан және сырадан басқа) өндіруді – уәкілетті органға нақты уақыт режимінде өндіру көлемі туралы деректерді автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін есептеуші бақылау аспаптарымен жарақтау жөніндегі талаптарды, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін және этил спирті мен алкоголь өнімінің есепке алынуын жүзеге асыруды бақылау тәртібін әзірлейді;

5) этил спиртін және алкоголь өнімін өндірудің паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлейді;

6) этил спиртін және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін әзірлейді;

7) этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын әзірлейді;

8) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын әзірлейді;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 11-баптың 1-тармағының бірінші абзацындағы және 12-1-баптағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

49. «Субсидиялар және өтем шаралары туралы» 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 20, 732-құжат; 2006 ж., № 1, 3-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат):

6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уәкілетті орган өзіне осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде берілетін өкілеттіктер шеңберінде іс-қимыл жасайды.».

50. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 771-құжат; 2001 ж., № 10, 122-құжат; 2003 ж., № 24, 175-құжат; 2005 ж., № 13, 53 -құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 12, 77-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 7-құжат; № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 4-2-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 4-3-бап мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 4-4-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

51. «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 773-құжат; 2001 ж., № 13-14, 170-құжат; 2003 ж., № 4, 24-құжат; № 18, 142-құжат ; 2005 ж., № 14, 61-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2009 ж., № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағында:

бірінші абзацтағы «мынадай өкілеттіктер жүктеледі» деген сөздер «мыналар» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

«10-2) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын әзірлеу мен бекіту тәртібін айқындау;»;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жүктеледі.»;

2) 9-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі «Мемлекеттік» деген сөзден кейін « әкімшілік» деген сөзбен толықтырылсын.

52. «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» 1999 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 776-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат):

3-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

53. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 24, 1065-құжат; 2003 ж., № 15, 129-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22 -құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 77-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 111-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 22-2-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 23-бап мынадай мазмұндағы 28) тармақшамен толықтырылсын:
«28) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 23-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:
«15) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:
«11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 24-2-баптың 1-тармағы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын.

54. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 7, 165-құжат; 2004 ж., № 11-12, 62-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23 -құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

5-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:
«18) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

55. «Күзет қызметі туралы» 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің, Жаршысы, 2000 ж., № 14-15, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 34-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 8, 52-құжат; 2008 ж., № 12, 51-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

15-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнаулы киім үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

56. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 379-құжат; 2004 ж., № 5, 29-құжат; 2007 ж., № 12, 86-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат):

1) 9-1-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9-1-бап. Регламент және стандарт, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ереже»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің мәртебесі мен өкілеттігін айқындау мәселелері бойынша ереже бекітіледі.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

2) 9-2-баптың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік мекемелер қызметінің нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеру және бақылау жөніндегі функциялар бақылау функциялары болып табылады.».

57. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49-құжат):

19-баптың 9) тармақшасындағы «жүзеге асыру жатады.» деген сөздер «жүзеге асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан

Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

58. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат):

1) 3-баптың 26-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«26-1) сақтандыру холдингі – уәкілетті органның жазбаша келісіміне сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының ( артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес немесе одан да көп пайызын тікелей немесе жанама иелене алатын немесе:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беретін акцияларының ( артықшылықты акцияларды шегере отырып) жиырма бес немесе одан да көп пайызымен тікелей немесе жанама дауыс беру;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын шешімдерді шартқа орай не өзгеше түрде анықтау немесе бақылау жасау мүмкіндігіне ие заңды тұлға (мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг осындай иеленуші болып табылатын жағдайларды қоспағанда);

2) 26-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекет, ұлттық басқарушы холдинг сақтандыру холдингі, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары болып табылмайды.»;

3) 43-баптың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

59. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-баптың 27-1) тармақшасындағы «тиісті жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 13), 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) мынадай қағидаларды:

астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу;
астықтың сақталуы;
астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелуі;
астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу;
электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану қағидаларын бекітеді;

14) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды бекітеді;

15) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 6-бапта:

3-1) тармақша «Қазақстан Республикасының заңдарын» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын» деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақшадағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер алып тасталсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) астық сапасын сараптау тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды әзірлеу;»;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) мынадай қағидаларды:
астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу;
астықтың сақталуы;
астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелуі;
астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды жүргізу;
электрондық астық қолхаттары жүйесін пайдалану қағидаларын әзірлеу;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) мыналарды:
астық нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын;
астық қабылдау кәсіпорындары есептілігінің үлгілік нысандарын;
мемлекеттік астық инспекторлары туралы ережені әзірлеу және бекіту;»;

15) тармақшада:

«, айналдыру, өтеу» деген сөздер алып тасталсын;
«белгілеу» деген сөз «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 33) тармақшамен толықтырылсын:

«33) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

4) 6-1-бапта:

1-тармақтың 17) тармақшасындағы «жүзеге асыру кіреді.» деген сөздер «жүзеге

асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

2-тармақтың 5) тармақшасындағы «жүзеге асыру кіреді.» деген сөздер «жүзеге асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

5) 33-2-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы «Қазақстан Республикасының заңдарын» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 39-баптың 7-тармағында:

«, айналымы, өтеу» деген сөздер алып тасталсын;

«уәкілетті орган белгілейді» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын.

60. «Мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 15-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2009 ж., № 17, 78-құжат):

7-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

61. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 17-құжат; № 9, 86-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 103-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 142-құжат; № 24, 144-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 13, 86, 87-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 99-құжат; № 18, 113-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 14-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 17, 139-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114, 124-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 9-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-

құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 2, 28-құжат; № 6, 49-құжат):

1) 6-баптың 1-тармағында:

7) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

2) 27-бапта:

1-тармақтың 22-7) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 31-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ауданның, облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

62. «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 3, 18-құжат; 2004 ж., № 2, 10-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; № 17-18, 76-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 3, 20-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 15, 106-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 1, 4-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы «бекітуге міндетті.» деген сөздер «бекітуге;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға міндетті.»;

2) 7-баптың 6) тармақшасындағы «жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.» деген сөздер «жүзеге асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етеді.».

63. «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 175-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; 2003 ж. , № 23, 168-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 139-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 11-бап мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 12-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

64. «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» 2001 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 13-14, 181-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; № 23 , 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат):

4-бапта:

бірінші абзацтағы «функцияларды» деген сөз «өкілеттіктерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

65. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 1-баптың 32) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«қолданыстағы ғимараттар мен құрылыстарды бұзуға, уақытша инженерлік желілер , жолдар, қойма алаңдарын жайластыруға, сондай-ақ аумақты сатылап жоспарлауға байланысты дайындық жұмыстарын;»;

2) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы лауазымды адамдар мен мемлекеттік басқару органдары

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы реттеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын атқаратын лауазымды адамдар мен мемлекеттік басқару органдары:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметімен сабақтас болып табылатын мәселелер бойынша өздерінің арнаулы өкілеттіктері шегінде өзге де орталық атқарушы органдар;

5) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді және атқарушы органдары болып табылады.»;

3) 19-бап мынадай мазмұндағы 23) және 24) тармақшалармен толықтырылсын:

«23) мемлекеттік органдардың атауы жазылған маңдайшаларды дайындау және оларды әкімшілік ғимараттарда орналастыру қағидаларын бекітеді;

24) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

4) 20-бап мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

5) 24-баптың 1-тармағының 19) тармақшасындағы «тіркеу кіреді.» деген сөздер «тіркеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

«20) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

6) 25-бапта:

1-тармақта:

12) тармақша «реконструкциялау» деген сөзден кейін «(қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу)» деген сөздермен толықтырылсын;

20) тармақшадағы «тіркеу жатады.» деген сөздер «тіркеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

2-тармақтың 11) тармақшасындағы «жүргізу жатады.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

3-тармақтың 11) тармақшасындағы «жүргізу жатады.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

7) 26-баптың 15) тармақшасындағы «қабылдау жатады.» деген сөздер «қабылдау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) және 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«16) қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу) туралы шешім қабылдау;

17) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

8) 31-баптың 2-тармағындағы «Сәулет-құрылыс бақылауымен және қадағалауымен қоса» деген сөздер «Шешілуі мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалау органдары құзыретінің шегінен тыс қалатын жағдай туындаған кезде бақылау мен қадағалау мыналарды:» деген сөздермен ауыстырылсын;

1), 2), 3), 4), 4-1) тармақшалардағы «орган» деген сөз «органды» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы «органы қадағалау қызметін жүргізеді» деген сөздер «органын тарта отырып жүзеге асырылады» деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 33-бапта:

6-тармақта:

1) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) сейсмикалық қауіптілігі жоғары аймақтарда немесе іске асыру кезінде арнайы жобалық шешімдер мен іс-шараларды қажет ететін өзге де айрықша геологиялық (гидрогеологиялық) және геотехникалық жағдайлары бар құрылысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының астанасында және мемлекеттік инвестициялар есебінен салынатын жеке тұрғын үйлер салуды қоспағанда, жеке тұрғын үйлер және техникалық

жағынан күрделі емес, азаматтардың жеке пайдалануына арналған құрылыстар салу;»;

«3) тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертпей, сондай-ақ үй-жайлардың функционалдық мақсатын өзгертпей қолданыстағы үйлердегі үй-жайларды (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы тарапынан инспекциялауға жатпайды.»;

10) 74-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Объект иесінің салынған объектіні пайдалануға өз бетінше қабылдау тәртібін, сондай-ақ қабылдау актісінің нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

11) 77-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қабылдау және жұмыс комиссиясының өкілеттіктерін, міндеттемелерін, міндетті құрамын, объектіні қабылдау тәртібін, сондай-ақ бұл үшін қажетті комиссия қорытындысы мен актісінің нысандарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.
».

66. «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 23, 315-құжат; 2003 ж., № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 18, 110-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 13, 87-құжат; № 14, 89-құжат; № 16, 99-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129 -құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағындағы «заңдарында белгіленген» деген сөздер «Үкіметі белгілеген» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-бапта:

1-тармақтың 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2-тармақтың 6) тармақшасындағы «белгілеу» деген сөз «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын.

67. «Бал ара шаруашылығы туралы» 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 55-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат):

1) 14-баптың 9) тармақшасындағы «ұйымдастыруды жүзеге асырады;» деген сөздер «ұйымдастыруды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан

Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 14-1-баптың 3) тармақшасындағы «үйлестіруді жүзеге асырады.» деген сөздер « үйлестіруді;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

68. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39 -құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат):

1) 23-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

2) 24-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.».

69. «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 7-8, 77-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 9, 44-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

6-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.».

70. «Өсімдіктерді қорғау туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 1-бапта:

7) тармақша «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

«16-1) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу сынақтары – биологиялық, шаруашылық, уыттылық, гигиеналық және экологиялық бағалауды қамтитын, пестицидтерді (улы химикаттарды) пайдаланудың орындылығы мен қауіпсіздігін растау рәсімі;»;

2) 5-баптың 6) тармақшасындағы «бекіту кіреді.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7), 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

8) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды табыс ету тәртібін бекіту;

9) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау кіреді.»;

3) 6-баптың 1-тармағында:

2-1) және 4) тармақшалардағы «мен бекіту» деген сөздер алып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды табыс ету тәртібін әзірлеу;»;

26) тармақшадағы «бекіту кіреді.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

«27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

4) 9-баптың 5) тармақшасындағы «лицензиялау кіреді.» деген сөздер «лицензиялау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

5) 14-6-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес тіркеу және өндірістік сынақтардың қорытындылары бойынша жүргізіледі.»;

6) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

«15-1-бап. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау)

1. Өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау (мемлекеттік фитосанитариялық бақылау) тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.»;

7) 20-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірушілердің қаражаты есебінен жүргізіледі.».

71. «Геодезия және картография туралы» 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау.»;

2) 6-баптың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.».

72. «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 145-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 62-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар):

6-баптың 2-тармағында:

9) тармақшадағы «заңмен белгіленген» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

73. «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 15, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 24, 129-

құжат; 2009 ж., № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 49-құжат):

1) 1-бапта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптарды белгілейтін, сондай-ақ ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық акт;»;

9) тармақшадағы «уәкілетті орган белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-баптың 12) тармақшасындағы «бекіту кіреді.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 13), 14), 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:

«13) Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру тәртібін айқындау;

14) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібін бекіту;

15) сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету тәртібін бекіту;

16) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту;

17) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамасын іріктеу қағидаларын бекіту;

18) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды аттестаттау қағидаларын бекіту;

19) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау кіреді.»;

3) 8-бапта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды және ветеринария саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;»;

21) және 30) тармақшалардағы «бекіту» деген сөз «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

29) тармақшадағы «айқындау» деген сөз «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

34) тармақшадағы «тәртібін айқындау» деген сөздер «қағидаларын әзірлеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

42) тармақшадағы «әзірлеу кіреді.» деген сөздер «әзірлеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 43), 44), 45), 46) және 47) тармақшалармен толықтырылсын:

«43) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы тексерулер жоспарларын әзірлеу және бекіту;

44) сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) нормаларды, ветеринариялық есепке алу мен есептілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

45) сәйкестендіру есебін қоса алғанда, ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, табыс ету тәртібін әзірлеу;

46) ветеринария саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын ветеринария мамандарын тіркеу тәртібін әзірлеп, бекіту және жүргізу;

47) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

4) 10-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы «режимін және» деген сөздер «режимін немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) тармақшадағы «жүргізу кіреді.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 18) тармақшамен толықтырылсын:

«18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

2-тармақта:

9) тармақшадағы «режимін және» деген сөздер «режимін немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы «беру кіреді.» деген сөздер «беру;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.»;

5) 10-1-баптың 7) тармақшасындағы «режимін және» деген сөздер «режимін немесе» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 13-баптың 2-тармағы «білімі бар» деген сөздерден кейін «және ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тіркелген» деген сөздермен толықтырылсын;

7) 14-бапта:

тақырыбындағы және мәтініндегі «Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау» деген сөздер «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке және заңды тұлғалардың ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарын орындау жөніндегі қызметін бақылауды;»;

8) 14-1-бапта:

тақырыбындағы және мәтініндегі «Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды», «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау», « ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауды», «ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауға», «ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау», « Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылауға жататын объектілерді мемлекеттік бақылаудың», «Ветеринария саласындағы мемлекеттік бақылау» деген сөздер тиісінше «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды», «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау», «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды», «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға», «мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау», «Ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілерін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылаудың», «Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау» деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

«Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ветеринария саласындағы, оның ішінде лицензияланатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларда;»;

5) тармақшадағы «орны ауыстырылатын (тасымалданатын)» деген сөздер « тасымалданатын (орны ауыстырылатын)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, осы баптың 1-тармағының 1) - 11) тармақшаларында көрсетілген объектілерде мемлекеттік

ветеринариялық-санитариялық бақылауды тиісті аумақтардың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары тексеру нысанында және өзге де нысандарда, оның ішінде ілеспе ветеринариялық құжаттарды қарау жолымен жүзеге асырады.»;

3-тармақта:

«жануарларды өсіру, дайындау (сою), сақтау, пайдалану, өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты» деген сөздер «жануарларды өсіру, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындау (сою), сақтау, пайдалану, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі ұйымдарда,» деген сөздермен ауыстырылсын;

«жүктердің орнын ауыстыру» деген сөздер «жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

«өзге де нысандарда» деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктегі «Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы нормаларының» деген сөздер «Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары талаптарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 20-баптың 2-тармағындағы, 21-баптың 5-тармағындағы, 23-баптың 4-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 22-баптың 3-тармағының 3) және 5) тармақшаларындағы «Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңдарының» деген сөздер «ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 26-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 32-баптың 1-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

74. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 16, 152-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 6-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 7-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

75. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 17, 154-құжат; 2004 ж., 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж ., № 15-16, 72-құжат; № 17, 81-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

7-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

3-тармақтың 4) тармақшасындағы «жүзеге асыру жатады.» деген сөздер «жүзеге асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

76. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 12), 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«12) бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді, тұқым сапасына сараптама жасау жөніндегі зертханаларды, байқаудан өткізушілер мен тұқым сарапшыларын аттестаттау тәртібін бекітеді;

13) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынақтардан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

14) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 6-баптың 1-тармағында:

6) тармақшадағы «жөніндегі нормативтік актілерді бекітеді» деген сөздер «тәртібін әзірлейді» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-2) тармақшаның бесінші абзацындағы «тәртібін бекітеді» деген сөздер «тәртібін;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«сортты егістерді байқаудан өткізу тәртібін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) сорттық және тұқымдық бақылауды, жерге егіп бағалауды, зертханалық сорттық сынақтардан өткізуді, тұқым сапасына сараптама жасауды жүзеге асыру тәртібін әзірлейді;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сорттық егістерді байқаудан өткізу, жерге егіп бағалау, зертханалық сорттық сынақтардан өткізу, тұқым сапасына сараптама жасау тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;»;

мынадай мазмұндағы 32) тармақшамен толықтырылсын:

«32) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 6-1-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 8-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын.

77. «Почта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат):

8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 5), 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) почта байланысы қызметін көрсету қағидаларын бекітеді;

6) почта желілері арқылы жіберу шектелген бұйымдар мен заттардың тізбесін бекітеді;

7) почта жөнелтілімдерінде почта штемпелін қолдану тәртібін бекітеді;

8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2-тармақта:

4), 12) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21) тармақшамен толықтырылсын:

«21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

78. «Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 4, 22-құжат; 2005 ж., № 14, 56-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат):

1) 9-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 10-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.».

79. «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2003 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 6, 33-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148 -құжат; 2010 ж., № 20-21, 119-құжат; № 22, 128-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағы «реттеуді» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу, оларға тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету қағидаларын бекітеді;

11) декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;

12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 5-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу, оларға тапсырыс беру, алу, беру, есепке алу, сақтау және табыс ету қағидаларын әзірлейді;»;

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

«16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-бап. Мұнай өнімдерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы

заңнамасында белгіленген талаптарға мұнай өнімдерінің сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы техникалық реттеу және метрология жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асырады;

3) уәкілетті органмен келісе отырып, уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндіру және өткізу көлемдері туралы ақпаратты автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін бақылаушы есептеу аспаптарын қолданудың тәртібі мен талаптарын белгілейді;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтем баждары ставкаларының экономикалық негіздемесін әзірлейді, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы кезінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, Қазақстан Республикасының көлік кешені қызметін үйлестіруді және реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган мұнай өнімдерін тасымалдау кезінде тасымалдаушылардың технологиялық талаптарды қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Осы бапта көрсетілген мемлекеттік органдар, сондай-ақ кеден ісі жөніндегі уәкілетті орган уәкілетті органға мұнай өнімдерін өндірудің және (немесе) олардың айналымының көлемі туралы мәліметтерді және өзге де қажетті ақпаратты біртұтас деректер базасына береді.».

80. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 9, 41-құжат; 2004 ж., № 23, 140, 142-құжаттар; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 9 -10, 50-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат):

1) 11-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:
«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 18-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Есептің нысанын және оны жасау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.».

81. «Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 12, 88-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат):

1) 3-баптың 1-тармағы «реттеуді» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 6), 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:
«6) мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
7) темекі өнімдерінің қалдықтары және (немесе) айналымы туралы декларацияларды табыс ету нысанын, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«5-бап. Уәкілетті органның құзыреті
Уәкілетті орган:
1) өз құзыреті шегінде темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін шығарады;
2) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымы көлемдерінің теңгеріміне бақылау, есеп жүргізеді және талдау жасайды;
3) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес темекі өнімдерін өндіруге лицензиялар береді;
4) мемлекеттік органдармен темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын бақылауды жүзеге асыру жөнінде өзара іс-қимыл жасайды;
5) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін темекі өнімдерін өндірушілерден өз құзыреті шегінде қажетті мәліметтер сұратады;
6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

82. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67 -құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат):

3-баптың 2-тармағының 23) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«23) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

83. «Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28 -құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар):

9-баптың 3-тармағы «10-13-баптарында» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде» деген сөздермен толықтырылсын.

84. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 134-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 1-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 12-баптың 16) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер « өзіне Қазақстан Республикасының» деген сөздермен, «көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» деген сөздер «жүктелген өзге де функцияларды орындайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдары » деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары» деген сөздермен толықтырылсын.

85. «Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы» 2003 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің

Жаршысы, 2003 ж., № 19-20, 149-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2007 ж., № 4, 95-құжат) :

1) 6-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 7-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 8-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

86. «Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы» 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 21-22, 150-құжат; 2007 ж., № 2, 14-құжат; № 20, 153-құжат; 2009 ж., № 2-3, 14-құжат ):

1) 12-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 13-бап мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

«20) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

87. «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 174-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; № 16, 102-құжат; 2007 ж., № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 17, 79, 82-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) маңдайша – сауда жасау (қызметтер көрсету және жұмыстарды орындау) субъектісі тауарларды сататын, қызметтер көрсететін және жұмыстарды орындайтын жерлердегі жылжымайтын объектілерде орналастырылатын, оның эмблемасын,

тауарлық белгілерін, брендтерін қоса алғанда, осындай субъектінің атауы мен қызмет түрі туралы ақпарат;»;

2) 11-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1. Сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету саласының кәсіпорындары орналастыратын мынадай жарнама объектілері:

маңдайша;

жайма сөрелер мен терезелерді безендіру;

жұмыс режимі туралы ақпарат;

үй-жайлардың ішкі безендірілуі сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріне жатпайды.»;

үшінші бөліктегі «Сыртқы» деген сөз «1-2. Сыртқы» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы «он күннің» деген сөздер «бес жұмыс күні» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 17-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«17-2-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары:

1) елді мекендерде сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат береді;

2) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарнама қызметі мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

3) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жарнама саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.».

88. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат):

6-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

89. «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 5, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат ; № 16, 100-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 4-1-бап мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 5-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

90. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат):

33-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-2-бап. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тексерудің өзге де нысандары сауда объектісіне бару арқылы жүзеге асырылады және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын бақылауға бағытталған.

4. Тексерудің өзге де нысандары жеке, заңды тұлғалардың өтініштері немесе облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдерінің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

5. Тексерудің өзге нысандарының қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларын мөлшерінен асыру анықталған жағдайда бұзушылықты дереу жою туралы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша нұсқама шығарылады.

6. Тексерудің өзге де нысандарының нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды дереу жою туралы нұсқаманы орындауды бақылау «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес өткізілетін жоспардан тыс тексеру арқылы жүзеге асырылады.».

91. «Байланыс туралы» 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 14, 81-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 121-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146, 150-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 2-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) байланыс қызметтерін көрсету - байланыс операторларының пайдаланушыларға экономикалық қызмет түрлерінің жалпы өнім жіктеуішінде көрсетілген байланыс қызметтерін көрсетуге негізделген қызметі;»;

2) 4-баптың 2-тармағы «басқаруды» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-бапта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) күзетілетін аймақтарды белгілеу тәртібі мен олардағы жұмыс режимін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы телекоммуникация желілерін күзету қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 14-5), 14-6), 14-7) және 14-8) тармақшалармен толықтырылсын:

«14-5) жиіліктер белдеулерін, радиожиіліктерді (радиожиілік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану, сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу тәртібін бекіту;

14-6) трафикті өткізу мен өзара есеп айырысу тәртібін қоса алғанда, телекоммуникация желілерін қосу және олардың әрекеттестігі қағидаларын бекіту;

14-7) байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;
14-8) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектронды құралдарын тіркеу және пайдалану қағидаларын бекіту;»;

4) 8-баптың 1-тармағында:

8) тармақшадағы «радиоәуесқойлық қызметтің радиоэлектронды құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын тіркеу және пайдалану тәртібін,» деген сөздер алып тасталсын;

13) тармақша «пайдалану» деген сөзден кейін «және (немесе)» деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақша алып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктер жатады.»;

5) 9-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы «және қабылдау» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) азаматтық мақсаттағы иелікке берілген радиожиіліктер белдеулерінің электрондық дерекқорын жүргізу;

10) радиожиілік спектрін пайдаланғаны үшін жылдық төлемді есептеу әдістемесін бекіту.»;

6) 10-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

7) 11-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі «реттеу дегеніміз» деген сөздер «реттеуді радиожиілік органдары жүзеге асырады, бұл» деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақтағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-баптың 3-тармағындағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Нөмірлеу ресурсын бөлу мен оларды пайдалануды реттеу және нөмірлер беру

1. Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Уәкілетті орган нөмірлеудің бөлінген және резервтік ресурстарының тізілімін жүргізеді.»;

10) 15-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу мақсаттары үшін байланыс желілері мен құралдарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерінде жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізудің аппараттық-бағдарламалық және техникалық құралдарын енгізу және пайдалану кезінде жедел-іздестіру іс-шараларын жүзеге асыратын органдардың және ұйымдардың өзара іс-әрекет жасасу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»
;

11) 21-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы және 3-тармағының бірінші бөлігіндегі «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 22-баптың 4-тармағындағы «тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Байланыс операторлары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес қосу және трафикті өткізу қызметтерін көрсетуге міндетті. Байланыстың басым операторларын қосудың үлгілік шарттары уәкілетті органмен келісіледі.»;

14) 26-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Телекоммуникация желілерінің операторлары өз желілерінде байланыс қызметтерін пайдаланушылардың әрқайсысына қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын еркін таңдаудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.»;

15) 27-баптың 3-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 35-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті орган бекітетін» деген сөздер алып тасталсын.

92. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат):

4-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы «қарау жатады.» деген сөздер «қарау; » деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан

Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады.».

93. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат):

1) 1-бапта:

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«25) қарап шығу - уәкілетті органның объектіні қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеруі;»;

29) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасының» деген сөздер «Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулыларының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 2-тармағы «басқаруды» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын.

94. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 16, 95-құжат; 2007 ж., № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2010 ж., № 22, 130-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат):

4-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:
«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

95. «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 17, 102-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 7, 38-құжат; № 13, 87-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж. , № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 4 және 5-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) электр энергетикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік энергетикалық қадағалау туралы ережесін бекітеді;

4) есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту тәртібін бекітеді;

5) үлгілік инвестициялық шартты, үлгілік келісімді бекітеді;

6) шекті тарифтерді бекітеді;

7) электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;

8) электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын бекітеді;

9) электр энергиясының теңгерімді нарығының жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;

10) электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекітеді;

11) Қазақстанның біртұтас электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтарды болғызбау және оларды жою жөніндегі қағидаларды бекітеді;

12) энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын бекітеді;

13) электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

14) электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекітеді;

15) электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекітеді;

16) электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекітеді;

17) электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық броны актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды бекітеді;

18) электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекітеді;

19) жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекітеді;

20) жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы қызмет көрсету нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясын сауда-саттықтарда (аукциондарда) өткізілетін, сатып алынатын мүлік (активтер) тізбесіне енгізу туралы шешім қабылдайды;

22) электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын бекітеді;

23) электр-желілік қағидаларды бекітеді;

24) тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын бекітеді;

25) тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекітеді;

26) энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;

27) шаң тәріздес отынды дайындау және жағу үшін отын берудің жарылыс қауіпсіздігі қағидаларын бекітеді;

28) аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекітеді;

29) біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын бекітеді;

30) техникалық жарақтандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын бекітеді;

31) энергетикадағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау туралы ережені бекітеді;

32) жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішін есепке алу қағидаларын бекітеді;

33) электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

34) жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу тәртібі туралы ережені бекітеді;

35) Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

36) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

37) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып

алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын бекітеді;

38) сарапшы ұйымдарды және дайындаушы зауыттарды тарта отырып, электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жай-күйіне мерзімді тексеру жүргізу қағидаларын бекітеді;

39) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

5-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) электр энергетикасын дамыту бағдарламаларын әзірлейді және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) электр энергетикасы саласындағы техникалық регламенттерді әзірлейді;

4) электр энергетикасы саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тұтыну саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

6) энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың технологиялық мұқтаждықтарына электр және жылу энергиясын жұмсау нормаларын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

7) жабдықтарды жобалау, салу, олардың пайдаланылу және техникалық-экономикалық сипаттамалары саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді;

8) тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді;

9) тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;

10) электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жабдықтарына, ғимараттары мен құрылыстарына техникалық қызмет көрсетуді және оларды жөндеуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;

11) электр станцияларының және жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;

12) энергия өндіруші ұйымдар тобын қалыптастырады;

13) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін, жыл сайынғы

тексеру жоспарларын әзірлейді және бекітеді;
14) жүйелік операторды және электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығының операторын айқындайды;
15) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесімен электр байланысы жоқ аймақтар үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы жұмыс істеуінің және оны ұйымдастырудың ерекшеліктерін айқындайды;
16) электр энергиясының теңгерімді нарығының жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
17) электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;
18) Қазақстанның біртұтас электр энергетикасы жүйесінде авариялық бұзушылықтарды болғызбау және оларды жою жөніндегі қағидаларды әзірлейді;
19) энергетикалық сараптама жүргізу қағидаларын әзірлейді;
20) электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану қағидаларын әзірлейді;
21) электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын әзірлейді;
22) келісімдерде көзделген инвестициялық міндеттемелерді және инвестициялық шарттарда көзделген инвестициялық бағдарламаларды энергия өндіруші ұйымдардың орындауына мониторинг жүргізеді;
23) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды және электр зертханаларын аккредиттеу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
24) энергетика ұйымдарының басшылары мен мамандарын аттестаттаудан өткізу әдістемесін, тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;
25) электр қондырғыларын орнату қағидаларын әзірлейді;
26) электрмен жабдықтаудың авариялық және технологиялық броны актісін жасау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейді;
27) электр энергиясын пайдалану қағидаларын әзірлейді;
28) жылу энергиясын пайдалану қағидаларын әзірлейді;
29) жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы қызметтер көрсету нарығын ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларын бекітеді;
30) электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын әзірлейді;
31) электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;
32) электр желілік қағидаларды әзірлейді;
33) инвестициялық бағдарламаларды әзірлеуге арналған техникалық тапсырманы әзірлейді;

34) энергетикалық кәсіпорындар үшін өрт қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді;

35) шаң тәріздес отынды дайындау және жағу үшін отын берудің жарылыс қауіпсіздігі қағидаларын әзірлейді;

36) аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын әзірлейді;

37) біртұтас электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын әзірлейді;

38) техникалық жарақтандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу қағидаларын әзірлейді;

39) энергетикадағы жұмыс орындарын аттестаттау, ұтымды ету, есепке алу және жоспарлау туралы ережені әзірлейді;

40) жылу энергиясын жіберуді және жылу жеткізгішін есепке алу қағидаларын әзірлейді;

41) энергия өндіруші ұйымдармен келісімдер және инвестициялық шарттар жасасады;

42) жылу электр станцияларының электр қуатын шектеуді және оларды қысқарту жөніндегі іс-шараларды келісу тәртібі туралы ережені әзірлейді;

43) Қазақстан Республикасының энергетикалық ұйымдарында персоналмен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді;

44) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді;

45) электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіруді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;

46) сарапшы ұйымдарды және дайындаушы зауыттарды тарта отырып, электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергетикалық жабдықтарының, ғимараттары мен құрылыстарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жай-күйіне мерзімді тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді;

47) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 14-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

4) 15-баптың 3-тармағындағы «заңнамасында белгіленген» деген сөздер «Үкіметі белгілейтін» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 16-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығына қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Электр энергиясын кепілдікпен берушіні және оның жауапкершілігіндегі аймақты айқындау тәртібі электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларымен белгіленеді.»;

6) 20-баптың 1-тармағы алып тасталсын.

96. «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 104-құжат):

1) 3-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

97. «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 105-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 15-16, 72-құжат; 2010 ж., № 8, 41-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар):

1) 5-бап «реттеуді» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.».

98. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 18, 107-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 23-1) тармақшамен толықтырылсын:
«23-1) дериват – жануардың туынды түрі және одан және оның туынды түрінен өндірілген өнім.»;

2) 6-2-бапта:
тақырыбы «органдары» деген сөзден кейін «мен лауазымды адамдар» деген сөздермен толықтырылсын;
мәтіні «органдарына» деген сөзден кейін «және лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8-бапта:
16) тармақша «объектілерін» деген сөзден кейін «, олардың бөліктері мен дериваттарын» деген сөздермен толықтырылсын;
мынадай мазмұндағы 17-2), 24-1), 24-2), 24-3) және 24-4) тармақшалармен толықтырылсын:
«17-2) жануарлар дүниесін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізу туралы шешім қабылдайды, тиісті ғылыми ұйымдар берген, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс биологиялық негіздеменің негізінде оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілейді;»;
«24-1) аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережені бекітеді;
24-2) жануарлар дүниесінің объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген санаттарға жатқызылған жануарлар түрлерін әкелуге және әкетуге рұқсат беру тәртібін бекітеді;
24-3) жолдаманың үлгі нысанын, сондай-ақ оны беру тәртібін бекітеді;
24-4) дериваттар тізбесін бекітеді;»;
25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«25) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

4) 9-баптың 1-тармағында:
14) және 19) тармақшалардағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен

ауыстырылсын;

15) тармақшадағы «туынды түрлерін» деген сөздер «дериваттарын» деген сөзбен ауыстырылып, «рұқсаттар беру тәртібін айқындайды және» деген сөздер алып тасталсын;

43) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«43) жануарлар дүниесін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салу енгізу жөнінде ұсыныс жасайды;»;

мынадай мазмұндағы 43-1) тармақшамен толықтырылсын:

«43-1) дериваттар тізбесін әзірлейді;»;

5) 10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Жануарлардың санын реттеудің тәртібі

Жануарлардың санын реттеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.»;

7) 52-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдары» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары» деген сөздермен толықтырылсын.

99. «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 21, 124-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 15, 92-құжат; № 24, 148-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 26-құжат):

1) 6-бапта:

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«12) ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беруге уәкілетті органды (ұйымды) айқындау;»;

мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) өнімді таңбалау тәртібін белгілейді;

15) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 7-бапта:

екінші бөліктің 7) тармақшасындағы «белгілейді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 8-баптың 6) тармақшасындағы «заңнамасында» деген сөз «заңдарында» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 30-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 40-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдары» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары» деген сөздермен толықтырылсын.

100. «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 1-2, 1-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 5, 43-құжат; № 8, 64-құжат):

1) 8-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2) 9-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 22-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

«17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

101. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 7-8, 18-құжат; 2006 ж., № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 6-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 11-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

102. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат):

1) 5-баптың 15) тармақшасындағы «айқындау кіреді.» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15-1), 15-2) және 15-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

15-2) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту;

15-3) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын бекіту;»;

16) тармақшадағы «өкілеттіктерді» деген сөз «функцияларды» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 6-бапта:

1-тармақта:

14-1) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу;»;

мынадай мазмұндағы 15-1), 15-2) және 15-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«15-1) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу қағидаларын әзірлеу;

15-2) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу қағидаларын әзірлеу;

15-3) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол құрылысы машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына емтихан қабылдау және куәлік беру қағидаларын әзірлеу;»;

3) 7-бапта:

2-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«10) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) өңірдің агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру қағидаларын бекіту;».

103. «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 3, 21-құжат; № 16, 99-құжат; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 17, 136-құжат; 2008 ж., № 13-14, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 60-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 18, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 11-12, 54-құжат; № 15-16, 74, 77-құжаттар; № 17, 82-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29-құжат; № 15, 71-құжат; № 22, 128-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1 , 2-құжат; № 2, 26-құжат; № 6, 49-құжат):

1) 6-баптың 7 және 8-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын, осы баптың 3 және 8-тармақтарына сәйкес шағын және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалар орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.

8. Жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын және мынадай критерийлердің біріне немесе екеуіне де сәйкес келетін: жұмыскерлерінің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан артық немесе жыл бойғы активтерінің жалпы құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген үш жүз жиырма бес мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын заңды тұлғалар ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылады.»;

2) 11-баптың 7-тармағындағы «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген,» деген сөздер алып тасталсын;

3) 14-бап мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

«24) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

4) 15-бапта:

21) тармақшадағы «жыл сайынғы» деген сөздер «жартыжылдық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 16-бап мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6) 17-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

7) 18-бапта:

2-1-тармақтың 6) тармақшасы «кредиттер» деген сөзден кейін «, лизингтік мәмілелер» деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта:

бірінші бөліктегі «Шағын және орта кәсіпкерліктің» деген сөздер «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

1) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшада:

«шағын» деген сөз «жеке» деген сөзбен ауыстырылсын;

«банктерден» деген сөзден кейін «және өзге де заңды тұлғалардан» деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы «шағын» деген сөз «жеке» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы «шағын» деген сөз «жеке» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық-талдамалық қолдау көрсету;

6-2) қаражатты екінші деңгейдегі банктерде және өзге де заңды тұлғаларда негізделген түрде орналастыру жолымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, арнаулы қордың ішкі нормативтік құжаттарында тікелей көзделген өзге де тәсілдермен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру;

6-3) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық институттар беретін кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау;»;

8) 19-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігі алып тасталсын;

9) 27-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі «бойынша» деген сөзден кейін «үш жұмыс күні ішінде» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 33-бапта:

1-тармақ «Қазақстан Республикасының заңдарымен» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптар тек қана Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары деңгейінде белгіленеді.»;

11) 43-баптың 3-тармағында:

бірінші бөліктегі «үш күннен» деген сөздер «үш жұмыс күнінен» деген сөздермен ауыстырылсын.

104. «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» 2006 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 5-6, 35-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 4-5, 29-құжат):

6-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

«15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

105. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы» 2006 жылғы 5 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 10, 51-құжат; 2007 ж., № 17, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 5-баптың 2-тармағының 11) тармақшасындағы «жәрдемдесу болып табылады.» деген сөздер «жәрдемдесу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктер болып табылады.»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктері.».

106. «Өзара сақтандыру туралы» 2006 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 13, 84-құжат; 2007 ж., № 8, 52-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

5-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.».

107. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 96-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; 2008 ж., № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқару

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік басқаруды:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) аумақтық бөлімшелері бар ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган;

4) қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар орталық атқарушы органдар;

5) осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасының заңға тәуелді актілерімен айқындалған өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.»;

2) 33-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы «Қазақстан Республикасының заңдары» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 40-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«12) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормадан асып түсетін жасанды жолмен жасалатын шуылға және өзге де дыбыстық әсерлерге;».

108. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 17, 79-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат):

1) 3-баптың 4) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 3-1-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:
«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 4-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:
«9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

109. «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 24, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 49-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 5, 43-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағы «басқаруды» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 6-баптың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«15) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

3) 8-бап мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:
«15) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 28-3-бапта:
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Фильмге прокаттау куәлігін алған және (немесе) Қазақстан Республикасының аумағында фильмдер прокатын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар көрерменді фильмнің индексі туралы хабардар етуге міндетті.»;
4-тармақтағы «уәкілетті орган бекіткен стандарттарға» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға» деген сөздермен ауыстырылсын.

110. «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар):

1) 6-баптың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«10) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 8-баптың 8) тармақшасындағы «орналастыруды жүзеге асырады.» деген сөздер « орналастыруды;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:
«9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

111. «Ақпараттандыру туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 13-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 1-баптың 27) және 28) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:
«27) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, ведомствоаралық ақпараттық-коммуникациялық желіден тұратын, басқару және ұйымдастыру мақсаттарын іске асыруға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын қоса алғанда, мемлекеттік органдардың өзара іс-әрекетіне арналған, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» электрондық ақпараттық ресурстары мен ақпараттық жүйелерінің өзара іс-әрекетін қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі;
28) мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторы - мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының аппараттық-бағдарламалық кешені бар және

мемлекеттік органдарға, аумақтық бөлімшелер мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға байланыс қызметін көрсететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;»;

2) 5-бапта:

9) тармақшадағы «операторын» деген сөзден кейін «және мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасының операторын» деген сөздермен толықтырылсын;

17) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын бекіту;»;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«20) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

3) 6-бапта:

2) тармақша «Қазақстан Республикасының заңдары» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары» деген сөздермен толықтырылсын ;

28) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

«30-1) бақылау-кассалық машиналардың мемлекеттік тізіліміне енгізу үшін компьютерлік жүйенің техникалық талаптарға сәйкестігі туралы қорытындыны беру қағидаларын әзірлеу;»;

4) 7-баптың 6) тармақшасындағы «қамтамасыз ету жатады.» деген сөздер «қамтамасыз ету;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

112. «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 1-тармағы «бақылауды» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі,» деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-бапта:

бірінші бөлік «әзірлейді» деген сөзден кейін «, сондай-ақ өзіне Қазақстан

Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сай болуын растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекітеді.»;

3) 8-баптың 1-тармағында:

4) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

113. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 3, 19-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 101-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

114. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 19-баптың 7-тармағындағы «құрылуы мүмкін» деген сөздер «құрылады» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 20-бапта:

1-тармақ «реттеуді» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін бекітеді;

2) қаржылық есептілікті депозитарийге табыс ету тәртібін бекітеді;

3) кәсіптік ұйымдарды, сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекітеді;

4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

5-тармақта:

2) тармақшадағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

11) тармақшадағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы «белгілейді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

6-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.»;

3) 21-баптың 8-тармағының 4) тармақшасындағы «таратуға құқылы.» деген сөздер «таратуға;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі материалдарды қарауға қатысуға құқылы.»;

4) 22-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы «уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

115. «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2007 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 14, 104-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат):

1) 8-баптың 5) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 9-баптың 9) тармақшасындағы «айқындау жатады.» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

116. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

6-баптың 2) тармақшасындағы «әзірлеу жатады.» деген сөздер «әзірлеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.».

117. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 6-бапта:

4) тармақшада:

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларын;

мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын;

шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларын;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларын;

мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын бекіту.»;

8) тармақшадағы «жүзеге асыру жатады.» деген сөздер «жүзеге асыру;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) мыналарды:

шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын;

шитті мақтаның сапасы туралы куәліктің нысандарын (үлгісін);

мақта талшығының сапасы паспортының нысандарын (үлгісін) бекіту;

10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 7-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу;»;

6) тармақшаның бірінші абзацындағы «техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша» деген сөздер «мыналарды

» деген сөзбен, төртінші абзацындағы «әзірлеп, бекіту» деген сөздер «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

16) тармақшадағы «белгілеу» деген сөз «әзірлеу» деген сөзбен ауыстырылсын;

18) тармақшада:

сегізінші абзац алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларының;

мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларының;

мақта өңдеу ұйымдарына қабылдап алу кезінде шитті мақтаның сапасын сараптауды субсидиялау қағидаларының;

шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларының;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларының;

мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларының жобаларын әзірлеу;»;

21) тармақшадағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

«22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

3) 8-баптың 8) тармақшасындағы «ұйымдастыру жатады.» деген сөздер «ұйымдастыру;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

4) 9-баптың 1-тармағы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 16-баптың 2-тармағындағы «уәкілетті орган белгілейді» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді» деген сөздермен ауыстырылсын.

118. «Экспорттық бақылау туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 132-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:
«9) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:
«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

119. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:
«6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау.»;

2) 6-бапта:

1-тармақтың сегізінші абзацындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:
«осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:
«15) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:
«17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.»;

4-тармақ «қадағалауды» деген сөзден кейін «, сондай-ақ осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:
«10) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.».

120. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж.,

№ 17, 134-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау.»;

2) 8-баптың 13) тармақшасындағы «бекітуді жүзеге асырады.» деген сөздер « бекітуді;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 9-баптың 1-тармағындағы «Қазақстан Республикасының заңдарының» деген сөздер «Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен ауыстырылсын.

121. «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 135-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 87-құжат; № 21, 97-құжат; № 24, 128-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 9-10, 47, 49-құжаттар; № 15-16, 74-құжат; № 17 , 78, 82-құжаттар; № 24, 129, 133-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 17-18, 108-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 4, 37-құжат; № 6, 49-құжат):

1) 13-бап мынадай мазмұндағы 25) тармақшамен толықтырылсын:

«25) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 14-баптың бірінші бөлігінің 11) тармақшасындағы «бақылау жасауды жүзеге асырады;» деген сөздер «бақылау жасауды;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;».

122. «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 137-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 3) тармақшасындағы «үйлестіру жатады.» деген сөздер «үйлестіру;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және

Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 6-баптың 8) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

123. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 138-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 4-баптың 3) тармақшасындағы «айқындау жатады.» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 5-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы «әзірлеу жатады.» деген сөздер «әзірлеу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы «бекіту жатады.» деген сөздер «бекіту;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

3-тармақтың 3) тармақшасындағы «келісу жатады.» деген сөздер «келісу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне ойыншықтардың психологиялық-педагогикалық сараптамасын жүргізу тәртібін бекіту, ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді келісу және осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.».

124. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 20, 151-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат):

1) 4-бапта:

6) тармақшадағы «, бекіту» деген сөз алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24), 25), 26), 27), 28), 29) және 30) тармақшалармен толықтырылсын:

«24) білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекітеді;

25) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекітеді;

26) білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекітеді;

27) білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібін бекітеді;

28) жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерін лауазымдарға конкурстық тағайындау қағидаларын бекітеді;

29) қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

30) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 5-бапта:

бірінші абзацтағы «функцияларды» деген сөз «өкілеттіктерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы «және бекітеді» деген сөздер алып тасталсын;

11), 16), 17) және 36) тармақшалардағы «бекітеді» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

25) тармақшадағы «оқытудың кредиттік технологиясы және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың ережелерін бекітеді;» деген сөздер «оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекітеді және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын әзірлейді;» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақтың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«25) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3-тармақтың 28) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«28) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4-тармақтың 22) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«22) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

125. «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 59-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 5-баптың 2) тармақшасындағы «айқындау жатады.» деген сөздер «айқындау;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.»;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

126. «Трансферттік баға белгілеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 15-16, 65-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 2-баптың 17) тармақшасындағы «уәкілетті органдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-бапта:

1-тармақтың 6) тармақшасындағы «уәкілетті органдар белгілеген» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Уәкілетті органдар осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.»;

3) 6-баптың 4-тармағындағы «уәкілетті органдар» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

127. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 23, 113-құжат; 2009 ж., № 13-14, 63-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 101-құжат; № 22, 132-құжат):

1) 25-баптың 8-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

2) 35-бапта:

«2011 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде» деген сөздер алып тасталсын;

«уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

128. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж.,№ 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 50-құжат):

39-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 27) тармақшамен толықтырылсын:

«27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

129. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 127-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 7-бап мынадай мазмұндағы 5) және 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекітеді;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 8-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын әзірлейді;»;

2) тармақшадағы «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын,» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) денсаулық сақтау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді;»;

2) тармақшадағы «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын,» деген сөздер алып тасталсын;

4) тармақшаның төртінші абзацындағы «іс-қимылды жүзеге асырады.» деген сөздер «іс-қимылды;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

4) 10-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) білім беру саласындағы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын әзірлейді;»;

2) тармақшадағы «арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын,» деген сөздер алып тасталсын;

5) тармақшаның бесінші абзацындағы «іс-қимылды жүзеге асырады.» деген сөздер «іс-қимылды;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

5) 11-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

130. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж.,

№ 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 3-бап мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

131. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 13-14, 61-құжат):

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) жаңартылатын энергия көздерін дамыту мен пайдаланудың салалық (секторлық) бағдарламаларын бекітеді;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдайды;

4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану саласындағы техникалық регламенттерді бекітеді;

5) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерді және объектілерді салу жобаларын келісудің және бекітудің тәртібін, мерзімдерін бекітеді;

6) жаңартылатын энергия көздерінің пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыру тәртібін бекітеді;

7) электр немесе жылу желілеріне қосудың және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді қосудың ең таяу нүктелерін айқындаудың тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

8) электр энергиясын білікті энергия өндіруші ұйымдардан сатып алудың тәртібін айқындайды;

9) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.»;

2) 6-бапта:

4) тармақшадағы «және бекітеді» деген сөздер алып тасталсын;

8) және 10) тармақшалардағы «айқындайды» деген сөз «әзірлейді» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

«13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

132. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат):

16-бап мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

«14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

133. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» 2009 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 24, 123-құжат):

1) 5-бапта:

тақырыбы «органдар» деген сөзден кейін «, лауазымды адамдар» деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

3) өз құзыреті шегінде орталық атқарушы органдар;

4) өз құзыреті шегінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету саласындағы қызметті жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар болып табылады.»;

2) 6-баптың 3) тармақшасындағы «Қазақстан Республикасының» деген сөздер «өзіне Қазақстан Республикасының» деген сөздермен, «көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады» деген сөздер «жүктелген өзге де функцияларды орындайды» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 7) тармақшасындағы «функцияларды» деген сөз «өкілеттіктерді» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 8-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.».

134. «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 5, 22-құжат; № 15, 71-құжат):

12-баптың 21) тармақшасы «Қазақстан Республикасы заңдарының» деген сөздерден кейін «, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының» деген сөздермен толықтырылсын.

135. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат):

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу осы Заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

2) 4-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.».

136. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 12, 60-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1-баптың 21) тармақшасы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің» деген сөздерден кейін «немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының» деген сөздермен толықтырылсын.

137. «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 15, 72-құжат):

8, 9 және 11-баптар алып тасталсын.

138. «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 17-18, 113-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат):

76-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган» деген сөздер «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздермен ауыстырылсын.

139. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Бақылау және қадағалау органдары:

Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген;

егер объектінің (субъектінің) тұрған жері бойынша құқықтық статистика органдарын оған барғанға дейін бір тәулік бұрын міндетті түрде хабардар ете отырып, бару рұқсат беру құжаттарын алумен байланысты болған;

құрылыс-монтаждау жұмыстарының ғимараттар мен құрылыстардың тіреу және қоршау конструкцияларын тұрғызу мен өзгертуге қойылатын талаптарға сәйкес келуіне инспекция жүргізу;

әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуын бақылау жағдайларын қоспағанда, бақылаудың және қадағалаудың өзге де нысандарын қажеттілік пен жеткіліктілік қағидаттарына сәйкес бақылау объектілеріне (субъектілеріне) бармай жүргізеді.»;

2) 12-баптың 3-тармағында:

7) тармақшадағы «базарларда» деген сөз «жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды өткізетін ішкі сауда объектілерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17) және 18) тармақшалармен толықтырылсын:

«17) кәмелетке толмағандарға алкоголь және темекі өнімдерін сатуды, кәмелетке толмағандардың ойын-сауық мекемелерінде болу тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

18) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр станцияларының энергетикалық жабдықтарын, 0,4 киловольттан асатын электр желілерін, белгіленген қуаттылығы 100 Гкал/сағаттан астам магистралдық жылу желілері мен қазандықтарды пайдалану және олардың техникалық жай-күйі жөніндегі талаптарды сақтауға байланысты бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға қолданылмайды.»;

3) 13-баптың 3-тармағындағы «жыл сайынғы» деген сөздер «жартыжылдық» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 16-бапта:

4-тармақта:

«жыл сайынғы» деген сөздер «жартыжылдық» деген сөзбен ауыстырылсын;
«10 желтоқсанына дейінгі» деген сөздерден кейін «және ағымдағы күнтізбелік жылдың 10 мамырына дейінгі» деген сөздермен толықтырылсын;
5-тармақта:
«жыл сайынғы» деген сөздер «жартыжылдық» деген сөзбен ауыстырылсын;
«25 желтоқсанына дейінгі» деген сөздерден кейін «және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі» деген сөздермен толықтырылсын;
9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«9. Жоспардан тыс тексеруге нақты жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты анықталған және осы жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған фактілер мен мән-жайлар жатады.»;
11-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:
«Тексеруді тағайындау туралы акті тіркелетін жерден тексеру жүргізілетін жерге дейін жүз километрден асатын арақашықтық бақылаушы және тіркеуші органдар орналасқан жерден едәуір шалғайда орналасу болып есептеледі.»;

5) 24-баптың 4-тармағындағы «үш күндік мерзімде» деген сөздер «үш жұмыс күнінен кешіктірмей,» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) аталған Заңға қосымшада:
1-тармақтың 92) тармақшасындағы «сақтауда жүзеге асырылады.» деген сөздер «сақтауда;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 93), 94), 95) және 96) тармақшалармен толықтырылсын:
«93) Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасын сақтауда;
94) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында;
95) ветеринария саласында;
96) өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласында жүзеге асырылады.»;
2-тармақтың 9) тармақшасындағы «өсімдіктерді қорғау және оның» деген сөздер «өсімдіктер» деген сөзбен ауыстырылсын.

140. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 2, 25-құжат):
2-баптың 3-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік техникалық байқаудан өткізудің тәртібі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.».

**2-бап.**

1. Осы Заң:
1) 1-баптың 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 8 және 127-тармақтарын;

2) 1-баптың 9-тармағы 10) тармақшасының осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он сегіз ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін сегізінші және тоғызыншы абзацтарын;

3) 1-баптың 10-тармағының осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 2) және 5) тармақшаларын, 51-тармағын, 56-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабы 103-тармағының 10) тармақшасы үшінші және төртінші абзацтарының ережесі салықтық қатынастар саласында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңдарымен, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен қойылатын талаптарды белгілеу бөлігінде 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК